

DOI 10.52260/2304-7216.2025.2(59).37

ЭОЖ 338.12.017

FTAMP 06.56.21

А.Ж. Ибрашева, магистр, аға оқытушы
 Н.Б. Султамуратова, магистр, аға оқытушы
 С.Ж. Тасмағанбетова, магистр, аға оқытушы
 М.А. Тлеубергенава*, магистр, аға оқытушы
 Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
 Ақтөбе қ., Қазақстан
 * – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
 e-mail: mtleubergenova@mail.ru

АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІНІҢ ДАМУЫ

Мақала Қазақстанның ауыл аймақтарындағы жастар кәсіпкерлігін дамыту мәселелерін қарастыруға арналды. Талдау жүргізу барысында аграрлық сектордағы жастар арасындағы кәсіпкерлік белсенділігін арттырудың өзекті мәселелері айқындалды. Жастардың жұмысқа орналасу деңгейі мен кәсіпкерлік қызметпен айналасу деңгейіне қатысты статистикалық деректер негізінде қалалық және ауылдық жерлерде өз бетінше кәсіппен айналысатын жастар санындағы өзгешеліктер көрсетілді. Сондай-ақ, ауылдық жерлерде өз бетінше кәсіппен айналысатын жастар санындағы ер мен әйел адамдардың үлесі мен өсімі қарастырылды. Шет елдердегі тәжірибелерге сүйене отырып, ауыл жастарының арасындағы кәсіпкерлік қызметін ынталандыру мәселелері айқындалды. Зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, ауыл жастарының кәсіпкерлікке қатысу деңгейіне кедергі келтіретін негізгі факторлар ретінде қаржыландырудың жеткіліксіздігі, білім беру және инфрақұрылымның төмен деңгейі аталды. Оған қоса, ауыл жастарының кәсіпкерлік қызметтегі табысты нәтижелері ауыл өмірін жақсартуға, жұмыс орындарын құруға және әлеуметтік-экономикалық дамуға үлес қосатыны аталып өтілді. Сол себепті, мақалада жастардың ауыл шаруашылығында инновациялық бастамаларды қолдаудың және қаржыландыру тетіктерін жетілдірудің маңыздылығы белгіленді. Сонымен қатар, жастардың білімін арттыру және инфрақұрылымды дамыту арқылы олардың кәсіпкерлік белсенділігін көтеру мәселелері қарастырылды.

Кілт сөздер: жастар кәсіпкерлігі, ауылдық аумақтар, ауыл шаруашылығы, ауыл жастары, инновациялар, тұрақты даму, кәсіпкерлікті дамыту.

Ключевые слова: молодежное предпринимательство, сельские территории, сельское хозяйство, сельская молодежь, инновации, устойчивое развитие, развитие предпринимательства.

Key words: youth entrepreneurship, rural areas, agriculture, rural youth, innovation, sustainable development, entrepreneurship development.

JEL classification: J23, M13, M20

Кіріспе. Ауыл шаруашылығында жастар кәсіпкерлігін дамыту Қазақстанның ауылдық аймақтарында тұрақты әлеуметтік-экономикалық өсуді қамтамасыз етудің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бүгінгі жаһандық экономикада ауыл шаруашылығы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ғана емес, сонымен қатар, әсіресе жастар үшін жұмыс орындарын құруда маңызды рөл атқарады.

Жастар кәсіпкерлігіне бұндай назар аудару жас ұрпақты аграрлық кәсіпорындарды басқаруға және ауылдық территорияларды дамытуға тартудың маңыздылығын көрсетеді. Қазақстанның аграрлық секторының елеулі әлеуетіне қарамастан, жас ұрпақ ауылдық жерлерде өз бизнесін құру мүмкіндіктерін шектейтін бірқатар күрделі кедергілерге тап болуда. Бұған қаржылық ресурстардың жеткіліксіз қолжетімділігі, әлсіз инфрақұрылым, кәсіпкерлік саласындағы білім беру бағдарламалары мен білімнің жетіспеушілігі, сондай-ақ инновацияларды енгізуге шектеулі мүмкіндіктер жатады.

Климаттың өзгеруі, азық-түлік қауіпсіздігі және аграрлық секторға жаңа технологияларды енгізу қажеттілігі сияқты жаһандық сын-қатерлер жағдайында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қолдау ғана емес, сонымен қатар тұрақты дамуға бағытталған жаңа инновациялық стартаптарды құруды ынталандыру да маңызды. Жастар жаңа идеялар мен технологиялардың тасымалдаушысы ретінде Қазақстанның ауыл шаруашылығын жаңғыртуда маңызды рөл атқара алады.

Мақаланың мақсаты – жастар арасында кәсіпкерліктің дамуына кедергі болатын мәселелерді анықтау мен оның Қазақстандық жағдайында шешу жолдарын қарастыру. Осыған байланысты елдің ауылдық жерлерінде жастар кәсіпкерлігін дамытуға әсер ететін факторларды және жастар кәсіпкерлігін дамыту үшін жағдай жасаудың халықаралық тәжірибесін зерделеу секілді міндеттер алға қойылған болатын.

Мақалада мазмұнды талдау және жүйелеу, жалпылау және салыстырмалы талдау әдістерін пайдалана отырып, ауылдық жерлерде жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту бойынша қолданыстағы ғылыми және практикалық материалдары зерделенді.

Әдебиеттік шолу. Қазақстанның ауылдық жерлерінде ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу секторларын дамытудың үлкен әлеуетіне қарамастан, жастардың жұмыспен қамтылу және кәсіпкерлік белсенділік деңгейі төмен болып қалуда. Соның салдарынан жастардың көбі ірі қалаларға кетіп қалады, бұл ауылдық жерлердегі демографиялық қартаюға және олардың экономикалық белсенділігінің төмендеуіне әкеледі. Аталмыш үрдіс әлемнің өзге елдерде де орын алуда. Мәселен, White В. өз зерттеуінде негізгі мәселелердің бірі – ауыл шаруашылығындағы «ұрпақтар мәселесі» туралы қарастырады. Жастардың ауыл шаруашылығына қатысудан бас тартуы көбейіп келеді, бұл халықтың ауылдан кетуіне әкеліп соғуда. Бұл әсіресе ауылдық аймақтардан жастардың көші-қоны мәселесі өткір тұрған Қазақстан үшін өте маңызды. White жас фермерлерді ауылдық жерлерде қалуға ынталандыру үшін арнайы бағдарламаларды әзірлеу қажет деп санайды [1].

Bauernschuster S. және басқалары әлеуметтік капиталдың ауылдық жерлердегі жас кәсіпкерлердің табысқа жетуіне қалай әсер ететінін зерттейді. Олар желілер мен қарым-қатынастарға қол жеткізу бизнесті құру мен қолдауда, әсіресе жастар арасында шешуші рөл атқарады деген қорытындыға келеді [2].

Pindado E. және басқалары фермерлік инновацияларды дамытудағы жастардың рөліне назар аударып, Еуропалық Одақтағы фермерлер арасындағы ауылшаруашылық инновацияларының қозғаушы факторларына талдау жасайды. Зерттеу білімге, дағдыларға және технологияларға қолжетімділік, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалардың қолдауы жас фермерлер арасында инновацияны айтарлықтай ынталандыратыны анықталды [3].

De Rosa M. және басқалары Италияның ауылдық жерлеріндегі мемлекеттік саясатқа негізделген фермерлік қожалықтарды әртараптандыру стратегияларын осы процестегі жас фермерлердің рөліне баса назар аударып отырып қарастырады [4].

Sutherland, L. A. және басқалары аграрлық азық-түлік секторындағы кәсіпкерлік пен инновацияға баса назар аударып, ауылдық қауымдастықтардың өзгерісі контекстіндегі жастардың рөлін талқылайды. Авторлар инновациялық шешімдер мен технологияларды енгізу арқылы ауыл шаруашылығын жаңа экономикалық жағдайларға бейімдеуде жастар маңызды рөл атқаратынын алға тартады. Бұл ауыл шаруашылығына жаңа технологияларды енгізу сектордың бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретін Қазақстан үшін өзекті [5].

Christopoulos D. және басқалары адами және әлеуметтік капиталдың ауылдық өңірлердегі жастар кәсіпкерлігін дамытуға әсерін зерттейді. Авторлар қолдау және дағдылар желісінің болуы жастар арасында табысты кәсіпкерлік мүмкіндіктерін айтарлықтай арттырады деген қорытындыға келді [6].


Зерттеу ауылдағы әлеуметтік инфрақұрылым жеткіліксіз дамыған Қазақстан үшін пайдалы болуы мүмкін ауылдық бизнесті дамыту үшін білім беру бағдарламалары мен әлеуметтік байланыстардың маңыздылығына назар аударады. Республикада ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікке әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар тарапынан белсенді түрде қолдау көрсетілуде. Дегенмен, бұл бағдарламаларда негізгі назар қалалардағы шағын және орта бизнеске бағытталған, ал ауылдық жерлердегі жастар кәсіпкерлігін қолдау жеткіліксіз деңгейде қалып отыр. Мұны отандық ғалымдар жүргізген бірқатар зерттеулер растайды. Мәселен, зерттеулер ауыл жастары үшін кәсіпкерлік туралы білімнің жетіспеушілігі, қаржылық қолдау мен инфрақұрылымның жоқтығы негізгі кедергілер екенін көрсетті [7]. Зерттеушілер өз еңбектерінде жастарды бизнес құруға ынталандыру үшін білім беру бағдарламаларын жетілдіріп, қаржылық ресурстарға қол жеткізуді жеңілдету керектігін атап көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеулердің қорытындалары жағдайды жақсартудың бір жолы ауыл шаруашылығы кооперативтерін енгізу және бизнес–процестерді цифрландыру екенін көрсетеді [8]. Оған қоса, жастар кәсіпкерлігінің дамуына отбасы мен достарының арасындағы сәтті кәсіпкерлік кейстердің болуы және бұл туралы да бұқаралық ақпарат құралдары

мен әлеуметтік желілерде таралуы да ықпал ететінін көрсетті [9]. Жастар арасында кәсіпкерлікке үйрету барысында ауылдық жерлердің географиялық, экономикалық, әлеуметтік, инфрақұрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып, жергілікті кәсіпкерлік орта жағдайына неғұрлым бейімдей отырып, ұйымдастырылуы қажет [10].

Сонымен, талдау көрсеткендей, инновацияларды енгізу, әлеуметтік капиталды арттыру, білім беру және қаржыландыруға қолжетімділікті жақсарту – бұл негізгі кедергілер мен әрі қарай дамыту үшін қажет маңызды бағыттар. Оларды шешу үшін кешенді шаралар қажет. Жастар арасында кәсіпкерлікті дамытуда әлеуметтік желілер мен қарым-қатынастар маңызды рөл атқарады. Ауыл шаруашылығындағы цифрлық технологияларды енгізу және кооперативтер құру – тиімді тәсілдер және олар жастар арасында кәсіпкерлікті әрі қарай дамыту үшін негіз бола алады.

Негізгі бөлім. Қазақстанның ауылдық жерлерінде жастар кәсіпкерлігін дамыту ауылдық өңірлердің тұрақты дамуын қолдау және халықтың қалаларға кетуіне қарсы тұру жөніндегі ұлттық стратегияның маңызды элементі болып табылады. Республикада шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында «ауылдарда жұмыс істейтін жас фермерлер, басшылар мен мамандар арасында көшбасшылар бейнесін қалыптастыру бойынша ауқымды ақпараттық жұмыс жүргізу» маңыздылығы атап өтілген [11]. Жастар кәсіпкерлігіне бұндай көңіл бөлу жас ұрпақты аграрлық кәсіпорындарды басқаруға және ауылдық территорияларды дамытуға тартудың маңыздылығын көрсетеді. Жастар арасында табысты және сәтті кәсіпкерлер бейнесін қалыптастыру ауыл өмірін қабылдауды жақсартуға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар басқа жастарды ауыл шаруашылығында өз бизнесін құруға және дамытуға шабыттандырады. Бұл заманауи технологиялар мен инновациялық тәсілдерді енгізуді талап ететін ауыл шаруашылығының тұрақты дамыту контекстінде де маңызды. Жас фермерлер аграрлық секторды жаңғыртып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға үлес қоса алады, бұл өз кезегінде жастардың қалаларға көшуін азайтуға көмектеседі. Жас кәсіпкерлердің оң имиджін және олардың табысты үлгілерін қалыптастыру ауыл жастары өзін-өзі жүзеге асырудың нақты перспективалары мен мүмкіндіктерін көретін жүйені құруға мүмкіндік береді, бұл үлкен ауылдық аумақтары мен аграрлық әлеуеті бар Қазақстан үшін ерекше маңызды.

2001–2024 жылдардағы Қазақстан бойынша 15–34 жас аралығындағы өз бетінше жұмыспен қамтылған жастардың саны 828,2 мың адамнан (2001 ж.) 818,9 мың адамға (2024 ж.) дейін кеміген болатын. Қазақстанның ауылдық жерлерде өз бетінше кәсіппен айналысатын жастар санындағы ер мен әйел адамдардың үлесі мен өсімін 1 суреттен көруге болады.



Сурет – 1. Қазақстанның ауылдық жерлерде өз бетінше кәсіппен айналысатын жастар санындағы ер мен әйел адамдардың үлесі мен өсімі, %


*дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған [12]

Өз бетінше жұмыспен қамтылған жастардың санында өзіне жұмыс істейтін қызметкерлер саны басым. Ал, өз бетінше жұмыспен қамтылған жастардың санындағы жұмыс берушілер ретінде

тіркелген жастардың үлесі қарастырылған кезеңде 9 есе өскен. Өндірістік кооператив мүшелері мен отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) еңбекақы төленбейтін жұмыскерлері ретінде тіркелген жастардың үлестері де 2001 жылы 23,5 мың адамнан немесе 2,8 %-дан және 32,2 мың адамнан немесе 3,9 %-дан 2024 жылы 4,2 мың адамға немесе 0,5 %-ға және 4,7 мың адамға немесе 0,6 %-ға дейін азайған болатын.

Сонымен, 2001–2024 жылдар аралығында 15–34 жас аралығындағы өз бетінше жұмыспен қамтылған жастардың санының, сондай-ақ қызметкерлердің кейбір санаттарының, әсіресе өндірістік кооператив мүшелері мен отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) еңбекақы төленбейтін жұмыскерлері ретінде тіркелген жастардың үлестері мен санының төмендеуі байқалады. Бұл төмендеу тенденциясын көрсетеді, және еңбек нарығының әртараптандырылуын немесе жұмыспен қамту құрылымындағы өзгерістерді көрсетуі мүмкін.

Статистикалық деректер бойынша (2 сурет) жалпы, қалаларда да, ауылдарда да өз бетінше жұмыспен қамтылғандар жастар саны қарастырылып отырған кезеңде елеулі өзгерді. Кезең ішінде өз бетінше жұмыспен қамтылғандар жастар санының жалпы өсімі, әсіресе қалаларда байқалады. 20 жыл ішінде қаладағы өз бетінше жұмыспен қамтылғандар жастардың пайызы 2001 жылғы 30,6% – дан 2024 жылы 47,2% – ға дейін өсті. Ал ауылдық жерлерде өз бетінше жұмыспен қамтылғандар жастардың пайызы 69,4% – дан 52,8% – ға дейін төмендеді.



Сурет – 2. Қазақстанның қалалық және ауылдық жерлерде өз бетінше кәсіппен айналысатын жастар саны, мың адам

**дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған [12]*

Сонымен, 2021–2024 жылдары қала халқының айтарлықтай өсуі мен ауыл халқының біртіндеп төмендеуі байқалады, бұл урбанизацияның жалғасып жатқанын көрсетеді. Ауыл жастарының басты мәселелерінің бірі – кәсіпкерлік сауаттылығының төмендігі, бұл бизнесті құру мен табысты жүргізуді қиындатады [9]. Ауылдық жерлерде білім беру және кеңес беру бағдарламаларының жоқтығы проблеманы күрделендіреді. Бұл алғышарттар бар кедергілер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, Қазақстанның ауылдық өңірлерінде жастардың кәсіпкерлігін ынталандыруға бағытталған шаралады әзірлеу қажеттілігін көрсетеді.

Ауыл жастары жұмыс орындарының жетіспеушілігі, сапалы білім алу мүмкіндіктерінің шектеулілігі және кәсіпкерлікті қолдаудың әлсіз инфрақұрылымы сияқты бірқатар қиындықтарға тап болуда. Осы сын-қатерлерге жауап ретінде мемлекет шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған түрлі бағдарламалар мен бастамаларды енгізуде, бірақ жастар сегменті көбінесе жеткіліксіз қамтылған болып қалып қояды.

Қорытынды. Сонымен, ауылды тұрақты дамыту экономикалық қызметті әртараптандыруды талап етеді. Жастар кәсіпкерлігі ауыл шаруашылығы, туризм және басқа да салалардағы инновацияларды дамытуға ықпал ете отырып, ауылдық жерлердің экономикасының өсуінің

маңызды факторына айналуы мүмкін. Жүргізілген талдау ауылдық жерлерде жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту үшін кешенді шараларды жүзеге асыруды қажет ететіндігін көрсетті. Ол үшін ауыл жастары үшін білім беру, кәсіби оқыту, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологияларына қолжетімділікті қамтитын және ауылда тұрып, жұмыс істеуге ынталандыратын арнайы қолдау бағдарламаларын жандандыру, жас кәсіпкерлерге арналған гранттар, несиелер және субсидиялар көлемін ұлғайту, сондай-ақ, ауылдық кооперативтер мен фермерлік қожалықтарға қаржылық қолдау көрсету, жас фермерлерді ауыл шаруашылығы тәжірибесін дамыту және инновацияларды енгізу процесіне белсенді тарту, бизнес жүргізу мен цифрлық технологияларды қолдануды жеңілдететін ауылдық жерлерде интернет пен логистикалық инфрақұрылымды жақсарту секілді шараларды жүзеге асыру маңызды болып табылады. Бұл жастарды ауылда қалуды ынталандыруға және кәсіпкерлікпен айналасу арқылы ауыл шаруашылығы саласын тұрақты әрі дамыған етуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. White B. Agriculture and the generation problem: Rural youth, employment and the future of farming // IDS Bulletin. – 2012. – №43(6). – P. 9–19. – doi:10.1111/j.1759–5436.2012.00375.x
2. Bauernschuster S., Falck O., Heblich S. Social capital access and entrepreneurship: The case of entrepreneurship in rural areas // Regional Studies. – 2010. – №44(6). – P. 661–676. – doi:10.1080/00343400903167930
3. Pindado E., Sanchez M., Verstegen J., Lans T. Exploring the drivers of farm innovation in the European Union: A cross-country analysis // Land Use Policy. – 2018. – №70. – P. 475–485. – doi:10.1016/j.landusepol.2017.10.053
4. De Rosa M., McElwee G., Smith R. Farm diversification strategies in response to rural policy: A case from rural Italy // Land Use Policy. – 2019. – №81. – P. 291–301. – doi:10.1016/j.landusepol.2018.10.039
5. Sutherland L., Brown K., Lowe P. The changing role of young people in rural communities: Entrepreneurship and innovation in the agrifood sector // Agricultural Systems. – 2020. – №181. – 102 p. – doi:10.1016/j.agsy.2020.102803
6. Christopoulos D., Vogl S., Hinz H. Youth entrepreneurship in rural areas: The role of human and social capital // Journal of Rural Studies. – 2021. – №82. – P. 59–73. – doi: 10.1016/j.jrurstud.2021.01.011
7. Омаров К.Б. Исследование барьеров для развития молодежного предпринимательства в сельских регионах Казахстана. – А.: Академия экономики. – 2020. – 112 с.
8. Жантуаров Б.А. Внедрение сельскохозяйственных кооперативов и цифровизация бизнес-процессов как способ улучшения экономической устойчивости сельских регионов Казахстана. – Нур-Султан: Агропромышленный комплекс Казахстана. – 2018. – 98 с.
9. Болысбаева А.К., Тасмаганбетов А.Б. Ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігін дамыту факторы ретінде студенттердің кәсіпкерлік ниетін зерттеу // Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2024. – №3(56). – Б. 27–35. – doi:10.52260/2304-7216.2024.3(56).3
10. Болысбаева А.К., Тасмаганбетов А.Б., Ибрашева А.Ж., Мүтәліпқызы Б. Бизнес-білім берудің ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігін дамытуға ықпалы // Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2025. – №1(58). – Б. 148–155. – doi:10.52260/2304-7216.2025.1(58).18
11. Об утверждении Концепции развития малого и среднего предпринимательства в Республике Казахстан до 2030 года. Постановление Правительства Республики Казахстан от 27 апреля 2022 года №250. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000250>
12. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. 2001-2024 жылдардағы жұмыспен қамту мәртебесі, жынысы және жер түрі бойынша ҚР бойынша өз бетінше жұмыспен қамтылған жастар (15-34 жас). Динамикалық кестелер. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/dynamic-tables/>

REFERENCES

1. White B. Agriculture and the generation problem: Rural youth, employment and the future of farming // IDS Bulletin. – 2012. – №43(6). – P. 9–19. – doi:10.1111/j.1759–5436.2012.00375.x
2. Bauernschuster S., Falck O., Heblich S. Social capital access and entrepreneurship: The case of entrepreneurship in rural areas // Regional Studies. – 2010. – №44(6). – P. 661–676. – doi:10.1080/00343400903167930
3. Pindado E., Sanchez M., Verstegen J., Lans T. Exploring the drivers of farm innovation in the European Union: A cross-country analysis // Land Use Policy. – 2018. – №70. – P. 475–485. – doi:10.1016/j.landusepol.2017.10.053
4. De Rosa M., McElwee G., Smith R. Farm diversification strategies in response to rural policy: A case from rural Italy // Land Use Policy. – 2019. – №81. – P. 291–301. – doi:10.1016/j.landusepol.2018.10.039
5. Sutherland L., Brown K., Lowe P. The changing role of young people in rural communities: Entrepreneurship and innovation in the agrifood sector // Agricultural Systems. – 2020. – №181. – 102 p. – doi:10.1016/j.agsy.2020.102803
6. Christopoulos D., Vogl S., Hinz H. Youth entrepreneurship in rural areas: The role of human and social capital // Journal of Rural Studies. – 2021. – №82. – P. 59–73. – doi: 10.1016/j.jrurstud.2021.01.011
7. Omarov K. Issledovanie bar'erov dlja razvitiya molodezhnogo predprinimatel'stva v sel'skih regionah Kazakhstana [Research of barriers to the development of youth entrepreneurship in rural regions of Kazakhstan]. – A.: Akademija jekonomiki. – 2020. – 112 s. [in Russian].
8. Zhantuarov B. Vnedrenie sel'skohozjajstvennykh kooperativov i cifrovizacija biznes-processov kak sposob uluchsheniya jekonomicheskoy ustojchivosti sel'skih regionov Kazakhstana [Introduction of agricultural cooperatives and digitalization of business processes as a way to improve the economic sustainability of rural regions of Kazakhstan]. – Nur-Sultan: Agropromyshlennyy kompleks Kazakhstana. – 2018. – 98 s. [in Russian].
9. Bolysbaeva A., Tasmaganbetov A. Auyldyq zherlerde zhastar kasipkerligin damytu faktory retinde studentterdin kasipkerlik nietin zertteu [Study of entrepreneurial intentions of students as a factor in the development of youth entrepreneurship in rural areas] // Qazaq jekonomika, qarzhy zhane halyqaralyq sauda universitetinin zharshysy. – 2024. – №3(56). – B. 27–35. – doi:10.52260/2304-7216.2024.3(56).3 [in Kazakh].
10. Bolysbaeva A., Tasmaganbetov A., Ibrasheva A., Mutalipqyzy B. Biznes-bilim berudin auyldyq zherlerde zhastar kasipkerligin damytuga yqpaly [The impact of business education on the development of youth entrepreneurship in rural areas] // Qazaq jekonomika, qarzhy zhane halyqaralyq sauda universitetinin zharshysy. – 2025. – №1(58). – B. 148–155. – doi:10.52260/2304-7216.2025.1(58).18 [in Kazakh].
11. Ob utverzhdenii Konceptii razvitiya malogo i srednego predprinimatel'stva v Respublike Kazakhstan do 2030 goda. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 27 aprelja 2022 goda №250 [On approval of the Concept for the development of small and medium-sized enterprises in the Republic of Kazakhstan until 2030. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated April 27, 2022 №250]. – URL:https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000250 [in Russian].
12. Qazaqstan Respublikasy Strategijalyq zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ulttyq statistika bjurosy. 2001–2024 zhyldardagy zhumyspen qamtu martebesi, zhynysy zhane zher turi bojnsha QR bojnsha oz betinshe zhumyspen qamtylgan zhastar (15–34 zhas) [Self-employed youth in the Republic of Kazakhstan by employment status, gender and type of land for 2001-2024 (15-34 years)]. Dinamikalyq kesteler. – URL:https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/dynamic-tables/ [in Kazakh].

Ибрашева А.Ж., Султамуратова Н.Б., Тасмаганбетова С.Ж., Тлеубергенова М.А.

РАЗВИТИЕ МОЛОДЕЖНОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ

Аннотация

В статье рассмотрены вопросы развития молодежного предпринимательства в сельских регионах Казахстана. В ходе проведения анализа выявлены актуальные проблемы повышения предпринимательской активности среди молодежи в аграрном секторе страны. На основе анализа статистических данных,

касающихся уровня трудоустройства и вовлеченности молодежи в предпринимательскую деятельность, указаны различия в численности самостоятельно занятой молодежи в городской и сельской местности. Также, рассмотрены динамика роста и доли мужчин и женщин в численности самостоятельно занятой молодежи сельской местности. На основе опыта зарубежных стран рассмотрены вопросы стимулирования предпринимательской деятельности среди сельской молодежи. Результаты исследований показали, что недостаточное финансирование, низкий уровень образования и инфраструктуры указаны как основными факторами, препятствующими уровню активности сельской молодежи в предпринимательстве. Вместе с тем, отмечено, что успешные результаты предпринимательской деятельности сельской молодежи способствуют улучшению жизни села, созданию рабочих мест и социально-экономическому развитию. В статье указана важность поддержки инновационных инициатив молодежи в сельском хозяйстве и совершенствования механизмов финансирования, а также привлечения сельской молодежи в предпринимательскую деятельность через повышение ее образования и развитие инфраструктуры.

Ibrasheva A., Sultamuratova N., Tasmagambetova S., Tleubergenova M.

DEVELOPMENT OF YOUTH ENTREPRENEURSHIP IN RURAL AREAS

Annotation

The article examines issues related to the development of youth entrepreneurship in rural regions of Kazakhstan. The analysis reveals current problems in increasing entrepreneurial activity among young people in the country's agricultural sector. Based on an analysis of statistical data on the level of employment and involvement of young people in entrepreneurial activity, differences in the number of self-employed young people in urban and rural areas are indicated. The dynamics of growth and the share of men and women in the number of self-employed young people in rural areas were also examined. Based on the experience of foreign countries, issues related to stimulating entrepreneurial activity among rural youth were considered. The results of the research showed that insufficient funding, low levels of education and infrastructure are cited as the main factors hindering the level of activity of rural youth in entrepreneurship. At the same time, it is noted that the successful results of entrepreneurial activity among rural youth contribute to improving rural life, creating jobs and socio-economic development. The article highlights the importance of supporting innovative initiatives by young people in agriculture and improving financing mechanisms, as well as attracting rural youth to entrepreneurial activities through improving their education and developing infrastructure.

